

Қамқоршылық кеңес отырысының №3 хаттамасы

2023-2024 оқу жылы

21.04.2024ж.

Қатысқандар: мектеп әкімшілігі,
9 қамқоршылық кеңесінің мүшелері

Қатыспағаны: жоқ.0

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу. Буллинг.
2. ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а 01.03.2023 жылғы №56 бұйрығымен таныстыру.
3. Әртүрлі сұрақтар

Тыңдалды:

- Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша, әлеуметтік педагог: Мустафина А.У: өз сөзінде баланың тұлға ретінде қалыптасуында айналадағылардан келетін көмектің орны бөлек. Қазіргі таңда жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық өршіп тұр. Түнде көшеде жүру, Кәмелет жасқа толмағандардың көлікайдауы, бір- бірін жәбірлеу сынды дүниелер белең алып тұр. Көптеген зерттеушілердің айтуы бойынша мектептегі зомбылық қай уақытта болмасын кездесетін үлкен мәселелердің бірі. Кейбір оқушылар қасындағы адамдарды кемсітіп, күліп, олар жайлы қауесет әңгімелер таратып, өздерінің зомбылыққа ат салысып жатқандарын байқамай қалулары да мүмкін.

Буллинг – дегеніміз, психологиялық қысым көрсету, ұрып соғу, бір адамның немесе топтың зорлық көрсетуі. Мысқылдау мен намысқа тиетін қалжындау әсері жағынан төмен болғандықтан, моббинг деп аталады.

Екінші мәселе бойынша ДТЖО: Утешова А.К.: ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы 01.03.2023 жылғы №56 бұйрығымен таныстырды. Қамқоршылық кеңестің ережелері, сайлау тәртібі, қамқоршылық кеңестің функцияларымен, кеңестің жұмысын ұйымдастыру тәртібі таныстырып өтті. Сонымен қатар, кеңестің жұмысы қай кезде тоқтайтынын да айта кетті.

Шешім:

1. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстар жүйелі жүргізілсін. Буллинктің алдын алу шаралары жасалынсын.
2. ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а 01.03.2023 жылғы №56 қаулысы бойынша кеңес жұмыстары жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Қамбарова К.Г.

Мүшелері:

Сорока И.А.

Габбасов А. Т.

Утегенов А. Е.

Баймукашев Т. Е.

Судейменова Н.Х.

Қалдыбаева Н., А.

Волненко Л.С.

Биржанов К.К.